



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Әр қаланың өз тарихы, өз тағдыры бар

Қарағанды облысы – ел индустриясының қолқа тамыры саналатын, монокалалары арқылы мұқым экономиканың тынысын айқындап отырған стратегиялық өңір. Бүгінде Теміртау, Балқаш, Абай және Шахтинск секілді кенді шаһарлардың тағдыры тек өңірдің ғана емес, тұтас елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығымен тікелей байланысты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындап берген саясатқа сәйкес, осы жаңғыртып, әртарапандыру арқылы олардың жаңа даму кезеңіне өтуіне жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың басым бағыты.



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУ –
ОРТАҚ ҮЛЕС

ерекше назар аударылып отыр. Себебі, дәл осы тәуелділік мұндай қалаларды сыртқы нарықтағы өзгерістерге және өндірістік тәуекелдерге осал етеді. Аталған қағидағтар кейін Үкімет жұмысының негізіне айналды. Соның нәтижесінде монокалаларда жүзеге асырылатын басым инвестициялық жобалардың тізімі жасакталып, индустриялық аймақтар құрылып, шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары кеңейтілді. Бұл жүйелі шаралар монокалалардың тек өнеркәсіптік әлеуетін сақтап қалуды ғана емес, сонымен қатар, олардың ұзақ мерзімді тұрақты дамуына жаңа серпін беруді көздейді.

Облыста монокала мәртебесі төрт қалада сақталып отыр. Олар – Теміртау, Балқаш, Шахтинск және Абай. Бұл қалалар өңірдің негізгі индустриялық тірегіне айналғанымен, әлі күнге дейін тау-кен және металлургия саласындағы қала құраушы кәсіпорындарға жоғары деңгейде тәуелді болып отыр. Бұған дейін аталған тізімде Саран шаһары да болғаны аян. Соңғы жылдары экономиканы әртарапандыру бағытында жүргізілген жүйелі жұмыстар мен жаңа өндірістердің іске қосылуының арқасында Саран монокала мәртебесінен шығарылды. Мұндай табысты жайт – Қазақстандағы индустриялық қалаларды жаңғыртудың табысты мысалдарының бірі ретінде бағаланып отыр.

➤ 3-бет



ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

Әуе қатынасы кеңейді

Қарағанды мен Шымкент қалалары арасында жаңа әуе бағыты іске қосылды. SCAT әуе компаниясы ұйымдастырған тікелей рейстер 26 мамырдан бастап жолаушыларға қолжетімді болады. Бүгінде билеттер сатылымға шығарылды деп хабарлайды облыс әкімдігі баспасөз қызметі.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа бағыт бойынша ұшақтар аптасына екі рет – сейсенбі және бейсенбі күндері қатынайды. Сейсенбіде Қарағандыдан ұшу уақыты 09:00-ге жоспарланса, бейсенбі күні рейс 23:00-де орындалады. Ұшу ұзақтығы шамамен 2 сағат 15 минутты құрайды. Жолаушыларды Boeing 737 әуе кемелері тасымалдайды. Ал, билеттердің бастапқы бағасы 27 463 теңгеден басталады.

Бұл бағыт өңіраралық байланысты нығайтып, тұрғындардың жол жүру мүмкіндігін кеңейтуге ықпал етеді.

Жаңа рейстің ашылуы жолаушылар ағынын арттырып қана қоймай, көлік инфрақұрылымының қолжетімділігін де жақсартып түседі. Бұған дейін бірнеше қала арқылы жетуге мәжбүр болған тұрғындар енді уақытын үнемдеп, сапарын әлдеқайда ыңғайлы жоспарлай алады. Бұл өз кезегінде өңірлер арасындағы әлеуметтік және мәдени байланысты күшейтуге ықпал етпек.

Ерканат КЕНЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Екінші тыныс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында «Қазір өндірістік өнеркәсіптің 40 пайызы 27 монокаланың еншісінде. Онда 1,4 миллион азаматымыз тұрады. Монокалалардағы тыныс-тіршілікті одан әрі жандандыруға қатысты жан-жақты ойластырылған шешімдер қажет», – деп айқындап өткен еді. Ал, 2022 жылы Президент Қарағанды облысының жұртшылығымен кездесті.

Президент Қарағандыдағы өндіріс ошақтарының едәуір бөлігі монокалаларда шоғырланғанын атап өтіп, облыс халқының жартысына жуығы осы қалаларды мекендейтініне назар аударды. Сондықтан, қала халқының тұрмыс-тіршілігін ірі кәсіпорындарға тәуелді қылмай, оларға аутсорсинг қызметін көрсететін кәсіпкерлікті дамытуға, инвестиция тартуға,

жаңа өнім өндіруге баса назар аудару қажет екендігін мәлімдеді.

– Елімізде «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» атты ұлттық жоба жүзеге асырылып жатыр. Әкімдік Үкіметпен бірлесіп, осы жоба аясында басқа да шағын қалаларда іргелі бастамаларды қолға алуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Иә, Мемлекет басшысы монокалаларды дамытуға қатысты ұста-

нымы турасында соңғы жылдары барлық Жолдауларында және ресми баяндамаларында да аталған бағыттағы саясаттың бас мақсаты – монокалаларды жабу емес, керісінше ондағы тұрғындарды қолдау және олардың өмір сүру сапасын жақсарту екенін үнемі атап өтеді. Президент әрбір монокалаға бірдей тәсілмен қарауға болмайтынын, олардың экономикалық әлеуеті мен даму мүмкіндіктері әртүрлі екенін айт-

ты. Осыған байланысты, монокалалар даму басымдықтына қарай шартты түрде үш топқа бөлініп, әрқайсысына жеке қолдау құралдары қарастырылуда. Монокалаларды жаңғырту стратегиясының негізгі тіректері – экономиканы әртарапандыру, жаңа өндірістер ашу, инфрақұрылымды жаңарту және инвестиция жұмылдыру. Сонымен қатар, бір ғана қала құраушы кәсіпорына тәуелділіктен арылу мәселесіне

Буллинг ойын емес

Қазіргі таңда мектеп қабырғасындағы қауіпсіздік мәселесі тек білім беру жүйесінің ғана емес, тұтас қоғамның өзекті проблемасына айналып отыр. Соның ішінде буллинг – оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың кең тараған түрі ретінде алаңдатады. Бұл баланың психологиялық жағдайына ғана емес, оның болашағына да тікелей әсер етеді.


Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Буллинг – бір оқушының екінші оқушыға жүйелі түрде қысым көрсетуі, қорлауы немесе кемсітуі. Ол тек физикалық түрде ғана емес, психологиялық, вербалды және кибербуллинг түрінде де кездеседі. Оқушылар арасында мазақ ету, ат қою, қорқыту, топтан шеттету немесе әлеуметтік желілерде қорлау сияқты әрекеттер жиі байқалады. Көп жағдайда балалар мұндай қысым туралы айтуға қорқады немесе оны қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Бұл өз кезегінде мәселенің ушығуына әкеледі.

Буллингтің пайда болуына әртүрлі факторлар әсер етеді. Оның ішінде отбасындағы тәрбиенің әлсіздігі, қоғамдағы агрессияның артуы, мектептегі бақылаудың жеткіліксіздігі және әлеуметтік теңсіздік негізгі себептердің қатарында. Психологтардың айтуынша, буллинг жасайтын балалардың өзінде де шешілмеген психологиялық мәселелер болуы мүмкін. Олар көбіне назар жетіспейтін, я агрессия қалыпты саналатын ортада тәрбиеленеді.

Мектеп – тек білім беретін орын ғана емес, бала өзін қауіпсіз сезінетін орта болуы тиіс. Соңғы жылдары білім беру ұйымдарында қауіпсіздікті күшейту мақсатында түрлі шаралар қолға алынып жатыр. Атап айтқанда, бейнебақылау жүйелері орнатылып, мектеп инспекторларының қызметі күшейтілуде, психологиялық қызметтер жұмыс істейді. Дегенмен, бұл шаралар мәселені толық шешеді деп айту қиын. Себебі, қауіпсіздік тек техникалық құралдармен ғана емес, мектептегі қарым-қатынас мәдениетімен де тығыз байланысты.

– Сыныбымда буллингтің жасырын, ұсақ түрлері жиі байқалады. Әсіресе, оқушылар арасында бір-бірін мазақтау, келемеждеу, сөзбен қағыту сияқты жағдайлар кездеседі. Бұл құбылыс тек ер балалар арасында ғана емес, қыздар арасында да орын алады. Мен барлық жағдайды тікелей өз көзіммен көре бермеймін. Сондықтан, сыныптағы ахуалды бақылауды старостаға тапсырдым. Ол оқушылар арасындағы келеңсіз жағдайларды байқап, кімнің-кімге қандай әрекет жасағанын нақты атап, маған баяндайды.



Жалпы, мен үнемі сынып оқушыларының жанында болсам да, буллингтің бар екенін сеземін. Қысым көрген бала көбіне өзгерістен оқшауланған, түйіпталып, көңілсіз күйде жүреді. Оның мінез-құлқындағы осындай өзгерістер жағдайдың бар екенін аңғартады. Мұндай жағдайларда, мен ең алдымен, оқушылармен жеке сөйлесуге тырысамын. Әңгіме барысында олардың бір-біріне деген қарым-қатынасын түсінуге, мәселенің түпкі себебін анықтауға

мән беремін. Кейде балалар өз әрекетінің салдарын түсінбей жатады, сондықтан, оларға сөздің де жаралайтынын түсіндіру маңызды. Сыныпта өзара сыйластық пен қолдау мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлемін. Тәрбие сағаттарында буллингтің зияны, адамгершілік құндылықтар, эмпатия тақырыптарын жиі қозғаймыз. Балалардың бір-біріне түсіністікпен қарауы – мұндай жағдайлардың алдын алудың басты жолы. Қажет болған жағдайда

мектеп психологымен және ата-аналармен бірлесіп жұмыс жүргіземін. Өйткені, бұл мәселені тек бір адамның күшімен шешу мүмкін емес. Бірлескен әрекет қана нақты нәтиже береді, – деді қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Айгүл Мухсинова.

Полиция мамандарының пікірінше, ішкі істер органдарына түсетін өтініштерді талдау көрсеткендей, көп жағдайда буллинг фактілері расталмайды. Оның негізгі себебі – буллингтің басты белгісі



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

болып саналатын жүйеліліктің анықталмауы. Көп жағдайда бұл жағдайлар оқушылар арасындағы бір реттік тұрмыстық жанжалдар ретінде тіркеледі. Өтініштерде ауызша қорлау, яғни, мазақтау мен кемсіту, әлеуметтік қысым көрсету, оқшаулау мен елемей фактілері жиі кездеседі. Сирек жағдайларда физикалық әсер ету деректері де тіркеледі. Жекелеген жағдайларда әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы ақпарат тарату фактілері анықталады, алайда олар да көбіне эпизодтық сипатта болады. Құқықтық тұрғыдан алғанда, буллинг әрқашан жеке құқық бұзушылық ретінде қарастырылмайды, оның бағалануы нақты жағдайларға байланысты. Егер құқық бұзушылық белгілері анықталса, ол әкімшілік құқық бұзушылық ретінде, мысалы қорлау немесе ұсақ бұзақылық ретінде саралануы мүмкін. Ал неғұрлым ауыр жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырылады. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, көп жағдайда мұндай мәселелер қылмыстық қудалаудан гөрі профилактикалық және тәрбиелік жұмыс аясында шешіледі.

➤ 3-бет

Тазалық талап денгейінде ме?

Қыстан шыққан Қарағанды жаңа тыныс алуға дайын. Бірақ қар еріп, жер қарая бастаған шақта қала келбеті де сыңға түсті. Осы сәтте өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев тазалық жұмыстарының қарқынын күшейтуді талап етіп, мердігерлерге қатаң ескерту жасады.



Салтанат ГЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды көктемді қарсы алғанымен, қыс қалдырған «іздер» әлі де көзге ұрып тұр. Көшелердегі лай, ауалардағы шашылған қоқыс, қар астынан шыққан тұрмыстық қалдықтар – мұның бәрі қала мәдениетінің денгейін айқындайтын көрініс.

Осыған байланысты облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қалалық билік пен мердігер ұйымдардың қатысуымен көшпелі кеңес өткізіп, облыс орталығын аралап шықты. Бұл тек формалды тексеріс емес, нақты жағдайды көзбен көріп, мәселені орында шешуге бағытталған жұмыс сапары болды.

Аралау барысында басты назар жаяу жүргіншілер аймақтарына, көпқабатты тұрғын үйлердің ауаларына және бизнес нысандарына іргелес аумақтарға аударылды. Өйткені, дәл осы жерлер – қала тұрғындарының күнделікті өмірімен тікелей байланысты кеңістік.

Кейбір көшелерде тазалық жұмыстары басталып, арнайы техникалар жұмыс істеп жатқаны байқалғанымен, бірқатар аумақтарда жұмыстардың баяу жүргізіліп жатқаны анық көрінді. Әсіресе, ауалардағы ретсіздік, контейнер алаңдарының

айналасындағы қоқыс үйінділері мен тазаланбаған жол жиектері сыңға алынды.

Аралау қорытындысы бойынша қызмет көрсетуші компаниялардың барлығына нақты ескертулер берілді.

– Жұмыстардың қарқынын күшейту, тазалау сапасын арттыру және күнделікті бақылауды қамтамасыз ету бойынша нақты тапсырмалар бердім. Талап қатаң болады, қажет болған жағдайда келісім-шарттарды бұзуға дейін барамыз, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Өңір басшысы санитарлық тазалық жұмыстары эпизодтық емес, жүйелі түрде күн сайын жүргізілуі тиіс екенін ерекше атап өтті.

Қала тазалығы тек коммуналдық қызметтердің ғана емес, әр тұрғынның мәдениетіне де байланысты. Сенбіліктер басталғанымен, бұл бір реттік акция болып қалмауы керек. Тазалық – тұрақты дағды айналында ғана қала келбеті өзгереді.

Көктемгі тазалық жұмыстары – тек сыртқы келбетті ретке келтіру емес, қала өміріне жаңа серпін беру. Таза аула, жинақы көше, күтімді қоғамдық кеңістік – мұның бәрі тұрғындардың өмір сапасына тікелей әсер етеді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

«Қамданған қапы қалмайды»

Көктемгі күннің жылуы қарды жібітіп, өзен-көлдердің денгейі көтеріле бастаған шақта Шет ауданында жауапты кезек басталды. Табиғаттың тосын мінезін тосқауыл қою үшін аудан әкімі Мұхит Мұхтаров су тасқыны қаупі бар елді мекендерді аралап, дайындық жұмыстарын тікелей бақылауға алды. Аудан басшысының айтуынша, басты мақсат – халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және төтенше жағдайдың алдын алу.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біз көктемгі су тасқынына бейжай қарамаймыз. Әрбір елді мекен біздің тұрақты бақылауымызда. Былтыр зардап шеккен ауылдарда қорғаныс дамбалары толық қалпына келтірілді. Биылғы міндет – сол тәжірибені ескере отырып, қауіптің алдын алу, – деді аудан әкімі Мұхит Мұхтаров.

Бүгінде ауданда ауқымды жұмыстар атқарылған. Былтыр зардап шеккен 11 елді мекенде қорғаныс дамбалары қайта жаңғыртылып, сенімді қорғаныс жүйесі қалыптастырылды. Ал, Ақсу-Аюлы, Ақдыр, Шопа, Дәрия ауылдарында су өткізу жүйелері жаңартылып, табиғи ағын судың еркін өтуіне жағдай жасалды. Қыс бойы жиналған қар да дер кезінде шығарылып, қауіптің алдын алуға ықпал етті. Жалпы көлемі 32 мың текше метрден асатын

қар елді мекендерден сыртқа тасылды. Сонымен қатар, 33 шақырым арық аршылып, 770-тен астам су өткізу құбыры тазартылды.

Дайындық тек инфрақұрылыммен шектелмейді. Бүгінде 400-ден астам маман мен 300-ге жуық арнайы техника кез келген жағдайға әзір тұр. Қажетті қор да жасақталған: 3 430 тонна инертті материал мен 32 800-ге жуық қап дайын.

– Біз тек бүгінгі жағдаймен шектелмейміз. Әрбір тәуекелді есепке алып, барлық күшті жұмылдырдық. Көктемгі су тасқыны аяқталғанша жағдайды толық бақылауда ұстап, жедел әрекет етеміз, – деп атап өтті Мұхит Мұхтаров.

Шет ауданы

Сурет автордан

Қоршаған орта қорғансыз болмайды

Табиғат – адамзаттың тіршілік негізі, ұлттың өмір сүру сапасын айқындайтын басты құндылықтың бірі хәм бірегейі. Соңғы жылдары қоршаған ортаға деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, тазалық пен көгалдандыру мәселесі күн тәртібінің алдыңғы шебіне шықты. Осы бағытта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде экомәдениетті қалыптастыру мен ауқымды көгалдандыру жұмыстарын жүргізуді нақты міндет ретінде белгілеп, 2 миллиард ағаш егу және елді мекендерді 15 миллион жасыл желек пен көмкеру жөндеу тапсырма берді. Осы игі бастама негізінде қабылданған «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы тазалықты қамтамасыз етумен қатар, қоғамның санасын жаңғыртуға бағытталған кешенді бағдарламаға айналды.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нақты нәтижелер

Мемлекет басшысы атаған міндеттер аймақта да кезең-кезеңімен іске асырылып, өңірде инфрақұрылымдық жаңғырту, жасыл аймақтарды кеңейту және табиғатты қорғау бағытындағы жұмыстар жүйелі сипат алды. Экологиялық бастамалар тек маусымдық шаралармен шектелмей, нақты көрсеткіштер мен ұзақмерзімді жоспарларға негізделген тұрақты саясатқа ұласып келеді.

Қарағанды облысында бұл бағыттағы жұмыстар облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында жан-сақты сараланып, таразыға салынды. Экомәдениетті қалыптастыру мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері өңірлік саясаттың басым бағыттарының біріне айналып, нақты көрсеткіштермен бекітілген жүйелі жұмыстармен толықтырылды.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаевтың айтуынша, бағдарлама аясында өңірде экологиялық бақылау мен цифрландыру жұмыстары айтарлықтай күшейтілген. Атап айтқанда, 8 өңірде абаттандыру ережелерін бұзушылықтарды тіркеу үшін 395 сыртқы бақылау камерасы орнатылды. Сонымен қатар, 594 суды есепке алу аспабы енгізіліп, ресурстарды тиімді пайдалану бағытында нақты қадамдар жасалды. Ерекше назар жасыл қорды есепке алу мен басқаруға аударылып, облыс бойынша 1,8 миллионнан астам жасыл желек толық цифрландырылды.

– Облысымызда көгалдандыру жұмыстары да жүйелі сипат алып отыр. Көктем және күз мезгілдерінде 60 мыңнан астам тал-дарак егіліп, елді мекендердің экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған шаралар жалғасуда. Қоқыс қалдықтарын сұрыптау саласында да нақты жобалар іске асырылуда. «Жасыл Даму» акционерлік қоғамы арқылы қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу бағытында екі ірі жоба қолға алынып, оның ішінде полимерлі қалдықтарды өңдеу және Қарағанды қаласында қағаз зауытын салу жұмыстары жүргізілуде. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға білім беру ұйымдары да белсенді атсалысып келеді. Бүгінде облыстың 328 мектебінде «жақсы қорлар» құрылып, жас ұрпақтың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде, – деді Тілектес Темірбекұлы.

Экологиялық саясаттың тиімділігі тек инфрақұрылымдық жобалармен ғана емес, қоғамның оған қаншалықты қатысатынымен де өлшенсе керек. Бұл тұрғыда өңірде қолға алынған бастамалар тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстармен ұштасып отыр.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше биыл облыста 45 іс-шара өткізу жоспарланған. Бүгінде оның алтауы толық орындалып, қалған 39 бағыт бойынша жұмыстар жалғасуда. Соның жарқын мысалы – 2026 жылғы 23 наурызда Наурызанама онкүндігі аясында өткен «Тазару күні» экоакциясы. Аталған игі іс-шараға облыстың барлық қала және аудандарында қоғамдық ұйымдар, студенттер мен белсенділер қатысып, кең ауқымды тазалық жұмыстары жүргізілді.

Жасыл желек жайқала ма?

Өңірде көгалдандыру мен орман қорын ұлғайту бағытындағы жұмыстар Мемлекет басшысының ауқымды тапсырмалары аясында кезең-кезеңімен іске асырылып келеді. Бұл бағыт тек ағаш егумен шектелмейді.

Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бақытжан Санбаевтың мәліметінше, 2026-2027 жылдары орман қоры аумағында 4,7 миллион көшет егу жоспарланған. Оның ішінде биылдың өзінде 2,2 миллионнан астам көшет 602,6 гектар аумаққа егілмек. Бұл жұмыстардың негізгі бөлігі көктем мезгіліне тиесілі болса, қалған көлемі күзгі кезеңде жүзеге асырылады.

Жетелі жұмыстарды сапалы жүргізу үшін инфрақұрылымдық база да күшейтілуде. Бүгінде облыста жалпы аумағы 41 гектарды құрайтын орман көшетжайы жұмыс істейді, оның 26 гектары – суармалы жер. Мұнда италиялық жаңбырлатып суару технологиясы қолданылып, көшеттердің өсіп-өнуіне қолайлы жағдай



жасалған. Қазіргі таңда тәлімбақта 5,5 миллионнан астам көшет дайын тұр.

Сонымен қатар, алдағы кезеңде жабық тамыр жүйесі бар көшеттерді өсіруге арналған заманауи жылыжай кешенін салу жоспарланып отыр. Бұл өз кезегінде егілген ағаштардың жерсіну денгейін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, қаржыландыру мәселесі шешілген.

Көгалдандыру жұмыстары тек орман қорымен шектелмей, жол бойындағы жасыл аймақтарды дамытуға да бағытталған. Атап айтқанда, «Қарағанды-Теміртау» күрежолы бойында 108 гектар аумақты көгалдандыру жобасы әзірленуде. Сондай-ақ, «Қарағанды-Әуезжай» бағыты бойынша 90 гектар жерге 300 мыңнан астам жапырақты тал-дарак егу жоспарланған. Бұдан бөлек, 3 400 түп пирамидалық терек егу жобасы қолға алынып, оған кейінгі күтім жұмыстары 2028 жылға дейін жүргізілмек.

Саланы материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз етуге де ерекше назар аударылған. Соңғы екі жылда бұл бағытқа жергілікті бюджеттен 1,5 миллиард теңге бөлініп, орман шаруашылығының әлеуеті айтарлықтай нығайтылды.

Қалалардың қарқыны

Өңір орталығы ретінде Қарағанды қаласында экосаясат нақты инфрақұрылымдық шешімдермен және басқарудың жүйелі тәсілдерімен бекітілді. Қала әкімдігі тарапынан санитарлық тазалықты қамтамасыз ету жұмыстары толық қамтылған жүйе ретінде жолға қойылған. Бүгінде 645 көше мен 842 шақырым автожол және ішкіорам жолдары тұрақты күтіммен қамтылып, 305 шақырым тротуар түледі. Бұл жұмыстарға 21 мердігер ұйым тартылып, 390 арнайы техника мен 200-ден астам жұмысшы жұмылдырылған. Сонымен қатар, қала аумағындағы 6 саябақ пен 80-нен астам гүлзарларды күтіп ұстау жұмыстары да жүйелі түрде жүргізілуде.

– Тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау саласында нақты нәтижелер бар. Қалада 6 800-ден астам қоқыс жәшігі орнатылып, 800-ден астам қоқыс алаңы жабдықталған. Соңғы кезеңде қосымша 400 еврожәшік қойылып, 16 жаңа қоқыс алаңы абаттандырылды. Бұл бағыттағы жұмыстарға бірқатар мамандандырылған ұйымдар тартылып, қалдықтарды жинау мен шығару қызметі кезең-кезеңімен жетілдіріліп келеді. Абаттандыру жұмыстары тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған нақты жобалармен толықтырылуда. Қалада 60-тан астам аула мен ондаған қоғамдық кеңістік жаңартылып, балалар және спорт алаңдары салынууда. Жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын жақсарту мақсатында 12 мың шаршы метрден астам тротуар төселіп, жол жамылғысын жөндеу жұмыстары да жүргізілуде, – деді Қарағанды қаласы әкімінің орынба-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

сары Рүстем Қожақанов өз сөзінде.

Рүстем Мақсатұлының мәлімдеуінше, көгалдандыру мәселесіне де айрықша мән берілген. Қала аумағында 20 мыңнан астам ағаш, миллиондаған гүл егілген. Бұл жұмыстар қала келбетін жақсартумен

қатар, экологиялық ахуалды тұрақтандыруға бағытталған.

Құрыш қала Теміртауда экологиялық ахуалды жақсарту мен қалалық ортаны жаңғырту бағытындағы жұмыстар жаңа мазмұнға ие. Қала әкімдігі тарапынан абаттандыру жұмыстары ауқымды жобалар арқылы жүзеге асырылуда. Соңғы жылдары 20-дан астам аула аумағы жаңартылып, бұл бағытқа қомақты қаржы бөлінген. Сонымен қатар, қаланың негізгі көшелерінің бірі – Кеншілер (Металлургтер) даңғылын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, қалалық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсарту қолға алынған.

Қала әкімі Ғалым Әшімовтің айтуынша, санитарлық тазалықты қамтамасыз ету жұмыстары да жүйелендірілген. Қала аумағында жүздеген шақырым жолдар мен қоғамдық кеңістіктер жанданып, коммуналдық қызметтердің жұмысы күшейтілген. Қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару бағытында контейнерлік инфрақұрылым жаңартылып, заңсыз қоқыс орындарын жою жұмыстары жүргізілуде.

Көкше көлдің жағасында орналасқан Балқаш қаласында болса, әкімдік тарапынан қолға алынған «Таза Балқаш – 2026» акциясы осы бағыттағы жүйелі жұмыстың айқын көрінісі. Бастама аясында ондаған сенбілік ұйымдастырылып, мыңдаған тонна қоқыс қалдықтары шығарылды.

Жағалау аумақтарын абаттандыруға ерекше көңіл бөлінуде. Балқаш көлінің жағасы ретке келтіріліп, тұрғындар мен туристер үшін қолайлы демалыс аймақтары қызмет етпек. Қаланың туристік келбетін қалыптастыру мақсатында заманауи тәсілдер де енгізілуде.

Мониторингті күшейту мақсатында цифрлық құралдар қолданылады. Дрондар арқылы бақылау жүргізу тәжірибесі енгізіліп, қаланың тазалығы мен табиғи нысандардың жағдайы тұрақты қадағалауға алынған.

Түйін

Қоршаған ортаны қорғау хәм тазалық мәдениетін қалыптастыру – тек мемлекеттік саясаттың бағыты ғана емес, қоғамның ішкі мәдениетінің айнасы. Экология мәселесі ағаш егіп немесе сенбілік өткізумен өлшенбейді. Ресми деректерге сүйенсек, егілген ағаштардың небәрі 55-60 пайызы ғана жерсініп, толық өсіп шығады. Бұл деңгейміз, көгалдандыру жұмыстарының санымен қатар сапасына, күтіміне және жүйелі бақылауға басымдық беру қажеттігін көрсетсе керек.

Жылы соңында облыс әкімі Ермағанбет Қабулаұлы осы бағыттағы жұмыстарды күшейтіп, олардың сапалы әрі нәтижелі орындалуын қамтамасыз етуді орынбасары Азамат Айтбайұлына жүктеді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Әр қаланың өз тарихы, өз тағдыры бар

(Соңы. басы 1-бетте)

Қарағанды үлгісі

Теміртау – дәстүрлі түрде елдегі қара металлургияның жүрегі саналады. Мұнда орналасқан Qazmet металлургиялық комбинаты тек қаланың ғана емес, тұтас облыстың өнеркәсіптік әлеуетін айқындайды. Ал, Балқаш қаласы тарихи тұрғыдан түсті металлургия орталығы ретінде қалыптасқан, мұндағы негізгі өндірістік күш – Балқаш тау-кен металлургия комбинаты. Шахтинск пен Абай қалалары – көмір өнеркәсібінің негізгі ошақтары. Бұл сала ондаған жылдар бойы халықты жұмыспен қамтып, елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келді. Дегенмен, қазіргі кезеңде көмір өндірісі технологиялық жаңғыру мен шикізатқа тәуелділікті азайту сияқты жаңа сын-қатерлерге тап болып отыр.

Мемлекеттік қолдаудың негізгі құралы – 2023 жылдан бастап, Қарағанды облысында іске қосылған «Кәсіпкер» өңірлік бағдарламасы дер едік. Бұл елге мәшһүр берекелі бағдарлама монокалалар мен облыс орталығындағы кәсіпкерлердің көмегіне қолдау беруді мақсаты – экономиканың басым секторларында ШОБ-ты қолдау арқылы жұмыспен қамтуды арттыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту және сервистік экономиканы кеңейту. Бағдарламаның жалпы қаржыландыру көлемі 1,5 миллиард теңгені құрайды. Осы қаражат есебінен 41 жоба қаржыландырылды. Жобалардың басым бөлігі өңдеу өнеркәсібіне тиесілі: лак-бояу өнімдерін, темірбетон конструкцияларын, кондиционерлерді, жеңіл өнеркәсіп және тамақ өнімдерін өндіру кеңейтілді. Сонымен қатар, фитнес-клубтар, фотосалондар, мейрамханалар сияқты сервистік нысандар да біршама ашылды. Бағдарлама монокалалардағы кәсіпкерлерге қолжетімді несиелер, гранттар ұсыну және инфрақұрылымдық қолдау арқылы жүзеге асырылуда.

Теміртау қаласы да осы бағыт-

та белсенді жұмыс істеуде. Металлургия орталығы ретінде танымал қала Президент тапсырмасы бойынша агломерацияны дамытудың кешенді жоспарына енгізілген. Жоспарға сәйкес инженерлік желілер жаңғыртылып, инфрақұрылым жаңартылуда. «Кәсіпкер» бағдарламасы аясында Теміртаудағы кәсіпкерлер құрылыс материалдары, металл бұйымдары өндірісін кеңейтіп, агроөнеркәсіптік жобаларды іске асыруда. Қалада 20 мың шаршы метр аумақ кеңейтіліп, жаңа өндіріс орындары ашылуда. Бірінғай қоғамдық көлік жүйесі енгізілді, электронды билеттеу және бірінғай тариф қолданысқа енді. Бұл өз кезегінде шағын бизнеске қызмет көрсету сапасын арттырып, тұрғындардың өмір сүру ыңғайлылығын жақсартты.

Шахтинск қаласында да кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары нәтижелі жүзеге асуда. Көмір өндірісіне тәуелді қала Президенттің артаптандыру саясаты аясында жаңа бағыттарды игеруде. Агломерация жоспары шеңберінде Шахтинск пен көрші елді мекендердің инфрақұрылымы жаңартылуда. Құрылыс материалдары өндірісі мен агроөнеркәсіп жобалары белсенді қолдау табууда. Қалада газ тарту желілерінің құрылысы аяқталып, ішкі орамдық желілер төселіп жатыр. Бұл энергетика шығындарын азайтып, экологиялық жағдайды жақсартып, кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Жалпы алғанда, Қарағанды облысындағы монокалаларды дамыту жұмыстары кешенді сипатқа ие. Президент тапсырмалары бойынша іске асырылып жатқан шаралар – индустриялық аймақтар құру, Smart City технологияларын енгізу, инвестиция тарту және ШОБ-ты қолдау – монокалалардың орнықты дамуына жол ашты. Нәтижесінде жұмыс орындары көбейіп, салық түсімдері артып, тұрғындардың әл-ауқаты жақсаруда.

Осылайша қазыналы Қараған-



ды елдегі индустриялық әлеуеті ең жоғары өңірлердің бірі ғана емес, монокалаларды жаңғырту бойынша тәжірибелі алаңға айналып отыр. Бұл бағыттағы мемлекеттік саясаттың нақты нәтижелері алғаш рет Саран қаласында өткен «Болашақ монокалалар» атты республикалық семинар-кеңесте кеңінен талқыланды. Аталған жиын Премьер-Министр Олжас Бектеновтің тапсырмасымен 2025 жылдың маусым айында ұйымдастырылып, Қарағанды өңірі елге үлгі ретінде көрсетілді.

Аймақ агломерациясы

Теміртаулық тұрғын Берік Махметтің айтуынша, Қарағанды облысы – елдегі ең урбандалған өңірлердің бірі. Оның сөзінше, аймақ халқының үштен біріне жуығы небәрі төрт монокалада шоғырланған, ал бұл қалалар өңірдегі өнеркәсіп өндірісінің жартысына жуығын қамтамасыз етіп отыр.

– Барлық монокалаларда инфрақұрылымның тозуы, жастардың көші-қоны және шикізатқа шамадан тыс тәуелділік секілді ортақ мәселелер бар. Бірақ, Саран қаласының тәжірибесі дұрыс бағыттың бар екенін көрсетті. Ең алдымен инфрақұрылымды дайындап, содан кейін инвесторларды тарту, «зәкірлік» жобаларды іске қосу және шағын және орта бизнесті қолдау – нәтиже беретін жол осы, – дейді ол.

Берік Махметтің пікірінше, бастысы – жекелеген гранттармен шектелу емес, ірі кәсіпорындардың айналасында жүйелі түрде қалыптасқан кәсіпкерлік белдеуін құру.

– Егер біз Теміртау, Балқаш, Абай және Шахтинск қалаларын уақытында қайта жаңғырта алмасак, онда тағы да халықтан айырылып, өндірістік әлеуетімізді әлсірету қаупі бар, – деп алаңдаушылық білдіреді ол.

Өңірде жүргізіліп жатқан саясаттың негізгі өзегі – ірі өндіріс ошақтарының айнала-

сында шағын және орта бизнес белдеуін қалыптастыру. Мәселен, Qazmet компаниясының Теміртаудағы металлургиялық комбинаты немесе «Қазакмыс» корпорациясының Балқаштағы өндірістік кешендері көптеген шағын кәсіпорындардың дамуына ерекше серпін беріп отыр. Шағын кәсіпорындар ірі зауыттарға қызмет көрсетіп, қосалқы бөлшектер мен қажетті өнімдерді жеткізу арқылы жергілікті экономиканың құрылымын артаптандыруға үлес қосуда.

Өңірде кәсіпкерлікті қолдау шаралары мемлекеттік «Бизнестің қол қартасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып келеді. Бағдарламаның операторы – «Даму» қоры. Осы тетік арқылы кәсіпкерлер жеңілдетілген несиелер, мемлекеттік кепілдікке, сондай-ақ, қайтарымсыз гранттарға қол жеткізіп, жаңа жобаларын іске асыруға мүмкіндік алып отыр.

Монокалаларды дамыту жұмыстары облыстық деңгейдегі

ұзақ мерзімді жоспарлаумен де ұштасып отыр. Бұл ретте «2025-2029 жылдарға арналған Қарағанды агломерациясын кешенді дамыту жоспары» құжаты негізгі бағдар болып саналады. Аталған жоспар өңірдің барлық негізгі өнеркәсіптік қалаларын қамтып, шағын және орта бизнес субъектілерінің санын арттыруды, жаңа жұмыс орындарын ашуды және өңдеуші өнеркәсіптің үлесін ұлғайтуды көздейді. Мәселен, Теміртауда металлургиямен қатар қосымша өндірістерді дамытуға басымдық беріліп, өндірістік қалдықтарды қайта өңдеу мен құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындар іске қосылууда.

– Монокалалардағы шағын кәсіпкерлікті дамытуға қазір 7-10%-бен субсидияланған несиелер, 85%-ға дейін кепілдіктер, әйелдер мен жастарға арналған гранттар секілді нақты мүмкіндіктер бар. Мен кішкентай сервистік цех аштым, көмегі тиіп жатыр. Бірақ мәселе мынада: ірі «зәкірлік» жобаларсыз шағын және орта бизнес бір қалаға төтеп бере алмайды. Саран қаласы озықтығын дәлелдей алды. Инфрақұрылымын алдын ала жасақтап, инвесторларды тартқанда ғана жүйе жұмыс істейді. Қалған төрт қаламызда да осылай жасалады деп үміттенеміз, – деп пікір қосады жеке кәсіпкер Аружан Төлегенова.

Сонымен, түптеп келсек, монокала – өткеннің мұрасы ғана емес, егемен еліміздің өнеркәсіптік алтын қоры. Дұрыс жол таңдалса, жаңа өсу нүктелері, жаңа жұмыс орындары және ертеңге деген сенім бекиді. Осы төрт қаланың өз мінезі, өз тарихы және өз жолы бар. Мәнді мақсаты – мықтырақ, өмір сүруге жайлы бола түсу. Билік, бизнес және халық бірлессе жұмыс істесе, ең күрделі индустриялық қалалар да жаңа, жарқын болашаққа ие бола алады. Президент пәрмені де осыны дйттейді.

Суреттерді түсірген Жәңгілді ӘБДІҒАЛЫМ

Буллинг ойын емес

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Мұндай жағдайларда көмекке толмағандар ісі жөніндегі полиция қызметінің негізгі бағыты – құқық бұзушылықтардың алдын алу. Өтініш түскен кезде барлық көрсетілген деректер жан-жақты тексеріледі. Жанжалға қатысушылармен жеке жұмыс жүргізіліп, көмекке толмағандармен профилактикалық әңгімелер өткізіледі. Сонымен қатар, олардың ата-аналары немесе заңды өкілдері шақырылып, мектеп әкімшілігі мен педагогтермен бірлескен жұмыс ұйымдастырылады. Қажеттілік туындағанда қолданыстағы заңнама шеңберінде тиісті шаралар қабылданады. Оқушылар заң талаптарын және жалпы мінез-құлық нормаларын сақтауға, басқа адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуге, сондай-ақ, құқыққа қарсы әрекеттерге жол бермеуге міндетті. Ал, ата-аналар немесе заңды өкілдер балаларды тиісті деңгейде тәрбиелеуге, олардың мінез-құлқын, интернеттегі әрекеттерін бақылауға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға жауапты. Бұл міндеттерді тиісінше орындамаса ата-аналар заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады, – деді Қарағанды қаласы полиция басқармасы қоғамдық қауіпсіздік бөлімі ювеналдық полиция тобының аға инспекторы полиция майоры Елена Баркина.

Қазіргі таңда мектеп оқушылары арасында буллинг мәселесі өзектілігін жоғалтқан жоқ. Психолог Лаура Дүйсенованың айтуынша, жасөспірімдер арасында бір-бірін сыртқы келбетіне, мінезіне, оқу үлгеріміне немесе әлеуметтік жағдайына қарай кемсіту жиі кездеседі.



– Буллингтің негізгі себептері әртүрлі. Бұл, ең алдымен, отбасындағы тәрбиеге байланысты. Бала эмоциясын дұрыс басқара алмауы, өзін өзгеден жоғары көрсетуге ұмтылуы және әлеуметтік желінің ықпалы да әсер етеді. Кейбір балалар ішкі агрессиясын сыртқа шығару үшін өзгелерге қысым көрсетеді. Буллинг құрбаны болған балада мектепке баруға құлқы болмайды, сабақ үлгерімі төмендеп, бұрын қызыққан істеріне құлқы азаяды. Сондықтан, баланың мінезіндегі кез келген өзгеріске ата-ана мен мұғалім мұқият болу керек. Буллинг жасайтын баланың оқушылардың психологиялық жағдайына тоқталсам,

мұндай балалар көбіне өзін мықты етіп көрсеткісі келеді. Алайда, бұл ішкі сенімсіздіктің белгісі болуы мүмкін. Кейбір ортада бедел жинауды қалайды немесе назар аудартуға тырысады. Агрессия – кей жағдайда өзін қорғау тәсілі, – дейді психолог Лаура Дүйсенова. Мектеп психологының рөлі мұндай жағдайларда ерекше маңызды. Маман оқушымен жеке жұмыс жүргізіп, оның эмоционалдық жағдайын анықтайды. Қажет болған жағдайда сыныптағы ахуал да зерттеледі. Буллинг құрбанына психологиялық қолдау көрсетіліп, өзін қорғау дағдылары үйретіледі. Буллинг жасаған оқушымен де жеке жұмыс жүргізіледі. Мұнда

ата-ана мен сынып жетекшінің бірлескен әрекеті аса маңызды. Буллингтің алдын алу үшін психолог, ең алдымен, бала өзін қауіпсіз сезінетін орта қалыптастыруы қажет екенін атап өтті.

Психологтың айтуынша, буллингтің ұсақ көріністерінің өзі елеусіз қалмауы тиіс. Өйткені, дәл осындай әрекеттер уақыт өте келе, үлкен психологиялық мәселелерге ұласуы мүмкін. Мұғалім, ата-ана және мектеп ұжымы бірлесіп, балалар арасында өзара құрмет пен түсіністік мәдениетін қалыптастыруы қажет. Әр оқушы өзін қауіпсіз әрі бағалы сезінген ортада ғана толыққанды дамып, білім ала алады.

• ДЕНСАУЛЫҚ

Ғұмырлы болудың ғұрпы

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Сол сипатта аймақта онкологиялық аурулардың алдын алуға бағытталған ашық есік күні өтті. №3 қоспалы ауруханада ұйымдастырылған игі шара барысында тұрғындар тегін тексеруден өтіп, білікті мамандардан кеңес алды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Мұндай ашық есік күндері тұрғындардың медициналық сауаттылығын арттырып қана қалмай, ауруды асқындырмай дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Әсіресе, соңғы жылдары онкологиялық дерттердің жасарып бастауына алаңдатарлық жағдай жасалып отырғандықтан, олар қосымша тексеруге жіберілді. Кейбір тұрғындар алғаш рет эндоскопиялық және ультрандыбыстық зерттеуден өтіп, өз денсаулығы туралы толыққанды ақпарат алды. Осындай алдын алу шараларының нәтижесінде ауруды ерте кезеңде анықтап, дер кезінде ем бастауға мүмкіндік туады, – деді аурухананың амбулаториялық-смаханалық қызметінің жетекшісі Анатолий Красножен.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, профилактикалық игі шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады. Мамандар тұрғындарды белсенділік танытып, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға шақырады. Себебі, дер кезінде жасалған тексеру ауыр дерттің алдын алып, өмір сапасын сақтаудың ең тиімді жолы екені әмбебап аян.

– Ашық есік күні аясында



Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru



Жаңалық әрқашан жаныңызда!

<https://ortalyq.kz/>

Қарағанды облысы әкімінің аппараты орны толмас ауыр қаза бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы

Сауле Асылхановна АБИШЕВАНЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туысқандары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

1 сәуір – күлкі күні

ШЫМШЫМА

Өңірімізге белгілі сатирик Бекәділ Семқұл ертең, яғни, күлкі күнінде 70 жасқа келеді. Қаламгер мерейтойының қарсаңында назарларыңызға әзіл өлеңдерінің топтамасын ұсынамыз.

СӨЗ ТАУЫП КЕТТІ

(әзіл)

Молдекең
Төрте
Отырған
Бұрынғы мұрап
Еді.
Аруақтарға
Бағыштап
Құран
Оқуды
Үй иесі
Сұрап еді.
Соңындағы
Үй иесі берген
Садақаға
Пенде емесің бе
Көңілім ауып кетті.
Қалжыңға аударып:
– Бір адам
Ала бергенше,
Садақаны,
Қасында отырғандарға
Анда-санда
Таратып берсе
Не болады екен, -
Деп,
Тәбетім
Ақшаға
Шауып кетті.
Молдекең болса,
– Оның да жауабы
Бар,
Мен оқыған
Аруақтардың
Обал-сауабын
Өзіңе ал,
Қазір-ақ
Бере салам
Деп,
Мені қатырып,
Оның да
Жолын
Тауып кетті.
– Жо-жок
Қалжын сөз ғой
Деп
Үялғаннан
Не дерімді білмей,
Бетім қызарып,
Үстімді
Тер
Жауып кетті.

КӨКИ

Көки,
Көки десе көки
Көкке қарап жүреді,
Бетінде
Бес батпан қып жағып алған
Жақпа-далап жүреді.
Бірдемені
Қарық қылмаса да,
Қараңғыны
Жарық қылмаса да,
Бір іске беріліп
Жанып тұрмаса да,
Көки көкпен қалпы,
Жүргені жалпы.
Қайырлы болсын арты.

ХОККЕЙ

«Сарыарқа» – финалда

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы ел чемпионатының ақтық кезеңіне жолдама алды. Жерлестер Өскеменнің «Торpedo» клубымен өткен соңғы екі кездесуінде 4:1 және 2:1 есебімен жеңіп, биылғы маусымның финалистері атанды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Сарыарқа» үшін плей-офф кезеңі оңайға соқпады. Себебі, бұл кезеңдегі қарсыластары «Торpedo» клубы еді. Чемпионаттың ережесі бойынша қос клуб финал үшін бес ойын өткізуі керек-ті. Ал, жерлестер бірінші кездесуінен-ақ сүрінген болатын.

Соңғы шешуші ойын Өскеменде өтті. Бұл кездесу – қос команда үшін үлкен мүмкіндік. Қарағандылықтар төрт кездесудің үшеуінде жеңіп, біреуінде жеңілгенімен,

БҮГІНГІ САТИРА

СЫПЫРҒЫШ



Көше сыпырып, тыныш қана табыс айырып, бес баласы мен әйелін мемлекет бекіткен ең төменгі жалақы 85 мың теңгеге асырап отырған Тынышты «Аудан әкімі шақыртып жатыр» дегенді ести сала, аудан орталығы саналатын ауылдың әкімі Бөлтек көмекшісі:

– Бар, аула сыпырушыны алып кел, – деп жұмсап жіберді.

Айтпақшы, Тыныш бұл ауданға бес ай бұрын көшіп келген. Өзі де – «қой аузынан шөп алмас» пақыр. Негізді-негізсіз ұрсып жатқан бастығы тұрмақ, айдаладағы біреуге сөз қайтармайтын, ол айқайдың неден шыққанына ой жүгіртпек түгілі, қаперге де алмайтын сабаздың бірі. Жазғыштардың тіліне салсақ, бірі ғана емес, бірегейі.

Келген бетте (бес ай бұрын) әкімдікке құжат өткізген. Кадр

бөлімінің меңгерушісі көмекшісіне, ол болса – бір маманға, маман – хатшы қызға жұмсап жіберді. Тыныш айналып қайта кадр бөлімінің меңгерушісіне кірді. Ол қайта маманға... Маман әрі қарай... Солай домалатқанға көнген көкеміз үш күн жүрді.

– Сізге не керек?

Ақыры хатшы осылай, көптен күткен сұрақ қойды.

– Жұмыс.

– Бізде жұмыс жоқ, а – деді де, қолына қағаз ұстата салды.

Тыныш үнсіз ғана қарап еді, жұмыспен қамту орталығының жарнамасы екен. Сол жаққа да жетті. «Қандай жұмыс керек?» деген сұрақты да қоймаған ерігіп отырған бас маман: «Аула сыпырушы боласыз», – деді де, қолға бір парақ қағаз ұстата салды. Бағанағы ауыл әкімдігіне қайта келді.

ДЕГЕН ЕКЕН

«Жаяу келдім»

Қарағандыдағы Рымкеш деген апамыз Астанаға бару керек болып, теміржол вокзалына билет алуға келіпті. Келсе, кассадағылар билеттің жоғын айтыпты. «Жолсеріктер менің жасымды сыйлап, бос орын тауып берер. Ақшасын өз қолына ұстатармын», – деп пойыздың келуін күткен. Пойыз тоқтаған бетте вагоннан шыққан жолсерікке барып өтінішін айтыпты. Жолсерік болса:

– Купелер бос емес-ау деймін. Бірақ, әрі-бері аралап көрсеніз, табылып қалар. Меніңше, табылады. Орналасқан соң ақшасын төлерсіз, – деп апамызды кіргізген. Локомотив ұзын саны 17 вагон тіркепті. Апамыз жол дорбасын сүйретіп, бос орын іздей бастапты. Біріншісі де, екіншісі де, тіпті, соңғысы да бос емес. Апамыз «Жолай бекеттерден біреулер түскен шығар», – деп, соңғы вагоннан бастап бірінші вагонға дейін іздеуін жалғастырыпты. Орын жоқ. Жолсерік болса, апаның орналаспағанын көріп,

жолжақсын сұрамаған. Сөйтіп не керек, орын тамамын деп, әрі-бері аралап жүргенде, пойыз Астанаға жетіп қойыпты. Түсуге бет алған апамызға жолсерік келіп:

– Апа, жолақсын төлемейсіз бе? – десе, апай ашуланған сынай таныпты:

– Пойызға міндім дегенің болмаса, жаяу келдім ғой, – деген екен.

Ағаш қасық

Елімізге танымал қаламгер, сценарист, «Дайағашшы» кітабының авторы Ұларбек Нұрғалым Қарағандыға атбасын бұрған екен. Осындағы қаламдастары «мейманды ауқаттандырайық» деп мейрамханаға алып барыпты. Мейрамхананың бір ерекшелігі – асты ағаштан жасалған ыдыстармен беріледі екен. Белгілі ақын, жазушы Серік Сағынтай үстелдің арғы бетінде отырған Ұларбек Нұрғалымға ағаш қасықты нұсқап: «Дай ағаш» деген екен.

Қолдағы қағазды кімге ұстатарын білмеген Тыныш «ақыранға» (күзетті осылай деп кеткен) келді.

– Кімге барсам екен? – деді де, жарылардай өзгеріс отырған, министрдей шалқайған ақыран сілтеген бөлмеге кірді. Кірген бетте қолдағы құжатты жұлып алған бұжыр бет:

– Мен осы әкімдіктің шаруашылық басшысы Шаруа боламын. Әкел құжаттарды. Өзім өткізе саламын. Барып сыпырғышты ал, жұмысқа кіріс! – деп сыпырғышты ұстата салды. Болды, сол күннен бастап Тыныш тыныш қана аула сыпырып жүре берді.

Сөйткен Тынышымыз аты солай болғанымен, өзі тыныш болмай шықты. Аудан әкімі сол бес ай бұрын арнайы жолдамамен қаладан ауылға келген Тыныш деген атақты әншіні «Мәдениет үйінің басшысы қызметіне қабылдансын» деген бұйрықпен ауыл әкіміне жіберген екен. Басында айттым ғой, Тыныш ағамыз қойдың аузындағы шөпке таласпайды деп. Бұл жолы да сөйткен еді. Қызықтың көкесі ертеңіне болды. Мәдениет үйінің басшысы Тыныш ауыл әкімінің міндетін уақытша атқарушы болып шыға келді.

Жаңа көрдім, бұрынғы ауыл әкімі, кадр бөлімінің меңгерушісі, оның көмекшісі, бас маман, хатшы қыз, шаруашылық басшысы бұжыр бет Шаруа қолдарына сыпырғыш алып жаңа әкімді есік алдында күтіп тұр екен...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Флешмоб

Қарағандыдағы айтқыштардың бірі – филология ғылымдарының докторы Жансая Жарылғапов. Ол бірде қаладағы мешіттердің біріне жұма намазын оқуға барыпты. Төрдегі имамға ұйып, бірдей қимылмен құлшылық жасап тұрған қалың жамағатқа қарап отырғанын:

– Флешмобтың көкесі осында екен ғой, – деген екен.

Жинақтаған
Ерік НАРЫН



ПРЕМЬЕРА

Махаббатты жырлайды әркім өзінше

Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында Жан-Мари Шевренің «Махаббат мекені» комедиясының премьерасы өтті. Режиссері – Әлімбек Оразбеков.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Туындыда Самир мен Кристина есімді ғашықтардың тағдыры баяндалады. Екеуі өмірлік қиындықтарға байланысты Алжирден арал асып, Парижде пана іздеп келген албырт бозбала мен бойжеткен. Комедияда әділетсіздік пен қатігездік жайлаған қоғамды жатсынған қос жүректің лүпілі бар. Олар қанша қатігездік көрсе де, өмірді бір-біріне деген махаббатпен бағалайды. Екеуінің асқақ сезімі, мөлдір хәм албырт махаббаты жылу мен мейірімнен күлер үзген Маривонның бойындағы асыл қасиеттерге жан бітіреді, жүрегіндегі мұзды ерітеді. Қымбат жиһазға толы мейіреу тыныштық орнаған зәулім үйдің бір бөлмесін тығылып паналайды. Соңында қос ғашық сол үйді «Махаббат мекеніне» айналдырады.

Әлімбек Оразбеков бұл комедия махаббаттың кадр-қасиетін, оның күш-қуатын, құдіретін көрерменге басқа қырынан көрсетті.

тетініне сенімді болғанын айтты.

– Сәкен театрының көркемдік кеңесіне бірнеше шығармалды ұсындым. Олар «Махаббат мекені» құп көрді. Өйткені, мұнда көрерменге айтар ой өте көп. «Махаббат» тақырыбын қосылмаған ғашықтардың көз жасымен айшықтай беруге болмайды. Мәңгілік тақырыпқа басқа қырынан қарау керек. Ең қиын жанр – комедия. Биік өнер деңгейінде адамды күлдіре отырып, оған ой салу әркімнің қолынан келмейді. Сол себепті де «Махаббат мекені» комедиясы шығармашылығымда айрықша орын алады деп айта аламын, – деді Әлімбек Оразбеков.

Премьераға барып, көңіліміз марқайып қайтты. Мәселе, премьераның сәтті өткеніне емес, театрга халық ықыласының артуында. Премьера 28-29 наурызда өтті. Екі күнде де зал лық толды. Әсіресе, студент жастардың қарасы қалың.

Сурет Сәкен театрының баспасөз қызметінен

ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ

Серік сенімді ақтады

Наурызнама онкүндігіне орай ұйымдастырылған облыстық турнирде нұралық Серік Қалкен тоғызқумалақтан жүлдеге ие болды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлыстың ұлы күні мерекесі құрметіне қазақтың ұлттық спорт ойын түрлерінен мемлекеттік мекемелер қызметкерлері арасында

турнир өткізу соңғы уақыттары дәстүрге айналды. Бұл жарысқа Нұра ауданы атынан сенім көрсетілген спортшылардың бірі Серік Қайруллаұлы. Ол жерлестерін жерге қаратпай, еңбек ұжымына жүздеген оралды.



сынан саңылау тауып, есепте алға шықты. Дегенмен, «Сарыарқа» сапынан Эдгарс Сикса қарсылас команда қақпашысын қапы қалдырып, таразы басын теңестіреді. Осылайша, үшінші айналымда 1:1 есебімен тең түскен қос қарсыласқа тағы да бәрін басынан бастау қажет болды.

Ойынның негізгі уақытына қосылған овертайм кезеңі де тартысты өтті. Қосымша уақыттың аяқталуына небәрі алты секунд қалғанда Евгений Королинский шешуші шайбаны соғып, командасына жеңіс сыйлады. Өрі командасына жеңіс сыйлаған Евгений сол ойынның «Үздік ойыншысы» атанды.

– Соңғы кездесуде мұз айдынына шықпаған ойыншылар көп болды. Бірі жаракат алса, енді бірі

ойыннан шеттетілген. Сондықтан, жігіттерге сақ әрі қорғаныста ойнау қажеттігін айттым. Барынша қарсыластардың қателігін күтіп, соған қарай шабуыл ұйымдастыруды көздедік. Ең бірінші кездесуде 2:6 есебімен жеңілдік. Ол кезде қарсыласқа тағы да бәрін басынан бастау қажет болды.

Енді жерлестер ақтық сында елордалық «Nomad Astana» клубымен кездеседі. Олар плей-офф кезеңінде петропавлдық «Құлгер» клубын 4:1 есебімен жеңген болатын.

Сурет pro.ligasy.kz

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА
Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ
Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұхар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемсіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Тарапалы 4 035
№33 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН